

<https://asiaplustj.info/ru/news/tajikistan/security/20140111/na-kyrgyzsko-tadzhikskoi-granitse-strelyayut> (дата обращения: 3 декабря 2021).

16 Кто первым открыл огонь на таджикско-кыргызской границе? Подробнее: <https://asiaplustj.info/ru/news/tajikistan/security/20140111/kto-pervym-otkryl-ogon-na-tadzhiksko-kyrgyzskoi-granitse> // Азия-Плюс URL: <https://asiaplustj.info/ru/news/tajikistan/security/20140111/kto-pervym-otkryl-ogon-na-tadzhiksko-kyrgyzskoi-granitse> (дата обращения: 3 декабря 2021).

17 Душанбе возложил ответственность за пограничный инцидент на Бишкек // Авеста URL: <http://avesta.tj/2014/01/12/dushanbe-vozlozhit-otvetstvennost-za-pogranichnyj-intsident-na-bishkek/> (дата обращения: 3 декабря 2021).

18 Кыргызстан временно закрыл границу с Таджикистаном // Авеста URL: <http://avesta.tj/2014/01/13/kyrgyzstan-vremenno-zakryl-granitsu-s-tadzhikistanom/> (дата обращения: 3 декабря 2021).

19 Пограничные войска ГКНБ Таджикистана всегда являлись и являются сторонниками мирного решения вопросов- Ш.Файзуллоев // Ховар URL: <https://khovar.tj/rus/2014/01/pogranichnye-vojska-gknb-tadzhikistana-vsegda-yavlyalis-i-yavlyayutsya-storonnikami-mirnogo-resheniya-voprosov-sh-fajzulloev/> (дата обращения: 3 декабря 2021).

## **КЕҢЕС-ФИН (1939-1940 ЖЖ.) СОҒЫСЫ. ТАРАПТАРДЫҢ СОҒЫС ЖҮРГІЗУ ТӘСІЛДЕРІ**

**Икласбаев Д.А.,** мұғалім  
**Иманалина А.А.,** мұғалім  
№9 орта мектеп, Талдықорған қ.

1939-1940 жж. Кеңес Одағы мен Финляндия арасында өрбіген шекараны қайта қарастыру соғысы - тараптардың соғысты жүргізу тәсілімен ерекшеленді. Финляндия бұл соғысқа Кеңестер тарапынан болып қалуы мүмкін шабуылдан сақтану мақсатында шекара бойында қорғаныс шептерін бірнеше жылдар бұрын бастап кетті. Ал Кеңестер Одағы Финляндияны өзінің қарулы күшінің санының көптігімен бірнеше аптада басып алуды жоспарлады. Бұл соғыста Финляндия тарапынан қорғаншылық мақсатта болса, Кеңестер тарапынан басқыншылықты «фин тарапының арандатушылығына жауап беру», «фин пролетариатын азат ету» деген секілді ұрандармен ақтап алуға тырысқан соғыс болды. Негізінен екі мемлекет

арасындағы түсінбеушілік Ресей империясы құлап, Уақытша үкімет жойылған шақта құрылған Финляндия мемлекетінің пайда болуымен басталды. «Барлық елдердің пролетариаты бірігіңдер» деп ұран көтеріп, бүкіл дүниежүзінің жұмысшы-шаруа табын біріктіріп, тіпті бір мемлекетке біріктіруге тырысқан Ресейдің жаңа билігі В. И. Ульянов (Ленин) басқарған большевиктік Кеңестер өкіметі Финляндияда Кеңестендірмек болып, сәтсіз әрекет жасап жеңіліске ұшыраған болатын. Жаңадан құрылған Финляндия мемлекетінің патриоттары «Ұлы Финляндия» мемлекетін құру ұранымен елдегі кеңестік жұмысшы-шаруа жасақтарын талқандап Кеңестік Ресейдің Карелия аймағындағы фин халқына туыстас халықтарды біріктіру идеясымен соғыс қимылдарын өз мемлекетінің шекаралық аумағынан өзге мемлекеттің аумағына ауыстырып жіберген болатын. Карелия үшін соғыс қимылдары Тартус келісімен шешілгенімен екі мемлекет арасындағы түсінбеушілік сақталып қалды. Бұған Кеңестік Ресейдің екінші астанасы саналатын революция ошағы деп бағаланатын Ленинград қаласының Финляндия шекарасына жақын орналасуыда әсер етті. 1938 жылы Кеңестік үкімет өкілдерінің Финляндия үкіметіне Ленинград қаласы бойындағы шекараларды қайта қарастыру талап қоюы болашақ әскери қауіптің болатындығын байқатқандай болды. 1939 жылы Еуропадағы халықаралық жағдайдың ушығуымен мемлекеттер арасындағы мүдде ортақтығынан туындаған Германия мен КСРО мемлекеттер арасындағы Мәскеудегі Шығыс Еуропа елдерін ықпал аймаққа бөлу туралы құпия Молотов-Риббентроп пактісі келісімімен Финляндия мемлекетін қауіпті жағдайға әкелді. КСРО тарапынан Финляндия мемлекетіне қысымдар күшейді. Шекараны қайта қарау туралы мәселелер қайта қозғалып Финляндияның тәуелсіздігін шектейтін талаптар қойылды. Финляндия Кеңестер Одағының тарапынан қойылған талаптарды орындаудан бас тартты.

1939 жылы 30 қараша күні Кеңес әскерінің Майнило селосында арандатушылық әрекетімен Кеңес-фин соғысы басталды [1]. Финляндия халқының аздығына байланысты Кеңес одағы соғыс жоспарын бірнеше аптаға жоспарлады. Финляндия аумағының кішігірімдігімен (КСРО қарағанда) халық санының, әскер санының аздығына байланысты соғыс жоспарының аз уақытқа жоспарлауы заңдылық еді. Егер соғыс қимылдары барлық күш құрылымдарының байланысты түрде, барлау ақпараттары арқылы жүргізілсе. Бірақ КСРО тарапы фин тарапының қорғаныс шептерін есепке алмады,

халықтың өз жерін қорғауға тегеурінді түрде қарсылық көрсетедігіне сенім білдірмеді, фин әскерінің кеңес әскеріне қарсы тұра алатындығын мүлде қарастырмады. Сонымен қатар кеңес әскерінің шабуылдары тікелей қорғаныс шептеріне бағытталды. Қорғаныс шептерін айналып өту, соғыс қимылдары бірнеше бағытта жүргізу, теңіз күштерін қолдану, Финляндияны теңізбен қоршау әрекеттері болмады. Кеңес ұшақтары қалаларды бомбылаумен шектелді. Фин қорғаныс шептері кеңес әскерін айналып өтуге мүмкіндік бермеді. Кеңес әскерінің қолында фин қорғаныс шептері қай жерде басталып, қай жерде аяқталатындығы жайлы барлау ақпараттар болмады. Фин қорғаныс шептерінің дзоттары орман тоғайларда ағаштар мен тастармен жасырынып салынды. Кеңес жауынгерлері тікелей шабуылдармен келе жатқандықтан үнемі қорғаныс шептерінің бөгеліп, талқандалды. Кеңес танктері қорғаныс шептерінде қиратылды. Фин үкіметі өз әскерін үнемі теориялық оқытумен болды. Қорғаныс шептерін тұрғызу үшін бүкіл фин халқы жұмылдырылды. Фин тарапы қорғаныс шептерінде аз құраммен ширақ қимылдайтын топтармен кеңес әскеріне қарсы тұрды. Кеңес одағы әскердің көптігімен соғысқа қатысып, басып алған жерлерге бекініп ары қарай жылжу керек болды. Әскердің көптігі соғыс қимылдарында бағындырған аймақтарды ұстап тұруда қажет. Егер әскердің қимылдау баяу болса – талқандалуы тез болады. Таныс емес жерде соғыс жүргізген кезде көп әскердің керектігі, маңыздылығы болмай, тіпті кедергі келтіреді. Осы жағдайды Кеңес әскери басшылығы ескермеді, тіпті соғыс жоспарына кіргізбеді. Кеңес-фин соғысында Кеңес одағы осы кемшіліктерді ескермеді. Фин тарапы аз құраммен шайқасу өнерін, қыс мезгілінде соғыстың тактикалық жағынан қалай жүргізу керектігін байқатты.

Мысалы:

Раат жолындағы шайқасы. 1939 жылы қараша айында Кеңес әскері соғыста стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін Финляндияны бөлшектемек болып, Суоммаслини қаласына жетпек әрекеті Кеңес әскерінің талқандалуына әкелді. Раат жолының тар болуы, кеңес әскері баяу қозғалуы, әскердің созылыңқы түрде қозғалуы, байланысты нашарлығы – фин әскерінің кеңес әскерінің екі дивизиясын бөлшектеп талқандауға әкелді.

Суомуссали шайқасында Кеңес әскері 10172 жауынгерінен айырылды. Ал фин тарапы 900 жауынгерінен айырылды [2].

Толяярви ауданындағы шайқаста Фин әскерінің нәтижелі түрдегі шабуылға шығуы. Кеңес әскерінің жылжуын тоқтатты [3].

Кеңес әскерінің шабуылдаушы тарап болған соң әскери шығыны көп болды. 1939-1940 жж. Кеңес-фин соғысы Кеңес Одағының ауыр калибрлы зеңбіректерімен Маннергейм қорғаныс шебін бұзуымен аяқталғанымен. Кеңес Одағы үшін бұл соғыс қалағанындай жеңісті алып келмеді. Кеңес-фин соғысын зерттеуде біржақтылық басым. Соғыс стратегиялық жағынан Фин тарапынан шабуылға төтеп берумен өрбіді. 1939–1940 жылдардағы кеңес-финлянд соғысын көптеген кеңес және қазіргі орыс тарихшылары «данқты соғыс» емес, «тарихи маңызы жоқ» соғыс деп көрсетуге тырысады, өйткені бұл соғыста мақтаулы Қызыл Армия азғантай армиясы бар Финляндиямен 3,5 ай соғысып өзінің дәрменсіздігін, соғысқа дайын емес екендігін көрсетті. Осыған байланысты КСРО Қарулы Күштерінің атына зор нұқсан келтірілді. Батыс мемлекеттерінің әскери басшылары Қызыл Армияның қабілетіне, мүмкіншіліктеріне күмәнмен қарайтын болды [4]. Бұл соғыс Германияның КСРО-ға қарсы соғыс жоспарын құруға әкелді. 1939-1940 жж. Кеңес-фин соғысы КСРО Қызыл әскерін соғысты жүргізу бойынша сауаттандырды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Майнильский инцидент. URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
- 2 Битва при Суомуссалми. URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
- 3 Пять самых известных сражений Зимней войны. URL: <https://nevnov.ru/471512-pyat-samyh-izvestnyh-srazhenii-zimnei-voiny>
- 4 1939–1940 жж. кеңес-финлянд соғысы туралы. URL: <https://articlekz.com/kk/article/15525>